

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Жетібай ауылы әкімінің 2025 жылғы 3 ақпандағы № 8 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19, 69 баптарына сәйкес, Жетібай ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес "QAZAQGAZ АИМАQ" акционерлік қоғамына Жетібай ауылы, Мұнайшы-1 шағын ауданы жерінен жалпы көлемі 0,0072 гектар жер учаскесін № 1 газ реттеу пунктін орналастыру және пайдалану үшін жер пайдаланушылардан алып қоймай 10 (он) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Жетібай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурстарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жетібай ауылының әкімі

Т. Кошкинов

Жетібай ауылы әкімінің
" 3 " ақпан 2025 жылғы
№ 8 шешіміне қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізімі

	Жер санаты және жер пайдаланушылар атауы	Барлық жер, га
	Елді мекеннің жерлері	
	"QAZAQGAZ АИМАQ" АҚ	0,0072
	оның ішінде:	
1	13-197-005-2301	0,0002
2	13-197-005-747	0,0022
3	Елді мекеннің жері	0,0048
	Барлығы	0,0072

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК